

Таңдау операторы

**Таңдау операторы (case) бірнеше операторлардың ішінен таңдау жолымен көп тарамды тармақталуды ұйымдастырады.*

Тармақталу берілген логикалық мәнге ие болатын өрнек түріндегі шартты тексеруден басталады, өрнек мәндері таңдап алынған типтердің бірі болатын бүтін, символдық, логикалық типтердің бірінде жазылады. Бұл өрнек оператор орындалар кезде белгілі мәнге ие болуы тиіс. Егер өрнектің есептелген мәні көрсетілген мәннің біріне сәйкес келсе, сол қатардың операторы орындалады.

**CASE таңдау операторы көп тармақты алгоритмдерді барынша қарапайым және көрнекі түрде жазуға мүмкіндік береді. Оның құрамында селектор (selector — таңдау) деп аталатын өрнек және параметрлер тізімі болуы тиіс, әрбір параметрге сәйкес таңдау тұрақтылары болуы қажет*

Таңдау операторының жазылуы:

Case <өрнек> of

<1-тұрақты>: <1-оператор> ;

<2-тұрақты >: <2-оператор > ;

.....

<n-тұрақты >: <n-оператор > ;

Else <n+1 — оператор >;

End;

*Таңдау командасы былай орындалады. Алдымен, өрнек мәні есептеледі де, ол тұрақтылармен салыстырылады. Егер өрнектің мәні 1-тұрақтыға тең болса, онда 1-оператор орындалады, ал өрнектің мәні 2-тұрақтыға тең болса, онда 2-оператор, 3-тұрақтыға тең болса, онда 3-оператор т.б. тізімдегі тек бір ғана оператор орындалады да, таңдау командасы осымен аяқталады. Егер өрнектің мәні ешбір тұрақты мәніне тұрақты мәніне сәйкес келмесе, онда else сөзінен кейін тұрған оператор орындалады. Кейде оператор құрамында else қатары болмайды, ондайда end сөзінен кейінгі тұрған жол орындалады.

Case операторының орындалу тәртібі:

- * Алдымен <өрнектің> мәні анықталады.
Анықталған мән қай тізімге жатса, сол тізімге сәйкес келетін оператор орындалады да, басқа операторлар орындалмай, case операторы жұмысын аяқтайды.
- * Егер <өрнектің> мәні тізімнің ешбіреуіне жатпаса, онда else-де көрсетілген <оператор> орындалады. Else болмаса, case операторы жұмысын аяқтайды.

